

Қазақстандық қамтуды дамыту форумы

2010 жылдың 31 наурызынан 1 сәуірі аралығында Астана қаласында қазақстандық қамтуды дамыту мәселелері бойынша форум болып өтті. Өткен жылы оның жоспарлы жүзеге асуы үшін Үкімет, Министрліктер, ұлттық холдингтер мен әкімдіктер жүйелі жұмыстар жүргізді. Соның арқасында отандық кәсіпкерлермен жалпы сомасы 777 млрд. теңгеге 11 мың меморандум жасалған. Осы жылдың қаңтарында «Қазақстандық қамтуды дамыту туралы» заң күшіне енді. Бұл заң қазақстандық қамтуды дамыту мәселелері бойынша мемлекеттік орындарға үлкен жауапкершілік жүктеді және тиісті міндеттемелерді сақтамағаны үшін айыппұл төлеу қарастырылған.

Бұдан басқа биылғы жылы қазақстандық қамтуды дамыту мәселелері бойынша Республикалық жиын шеңберінде «Қазақстандық қамту - 2010» көрмесі өткізілді, онда басқа да компаниялармен бірге КПО компаниясы да қатысты.

2009 жылғы жұмысты қорытындылау мен отандық тауар, жұмыс және қызмет көрсету үлесінің мемлекет экономикасындағы бөлігін көбейту жоспарын талқылауға еліміздің Премьер-министрі Кәрім Мәсімов қатысты.



Министрлер Кабинетінің басшысы өз өндірісіміздің дамуы - республика тәуелсіздігін нығайтудың басты шешуші мәселелерінің бірі екенін атап айтты. Сондықтан да қазір мемлекетімізге қазақстандық қамтуды дамытуға барлық күшті жұмылдыру қажет. Қазақстандық қамтуды дамыту, жалпы қазақстандық өз өндірісімізді дамыту - бұл біздің Қазақстанның тәуелсіздігінің басты

шешуші мәселесі. Біздің әрбір қадамымыз, әрбір іс-әрекетіміз осыған бағытталуы тиіс. Бәрінен бұрын, тәуелсіз Қазақстан, ал біздің кәсіпкерлігіміз, біздің өз өндірісіміз - оның қажетті құрамдас бөлігі, онсыз аталған жайттың жүзеге асуы өте күрделі болар еді, - деді Премьер-министр.

Өткен жылға жалпы сипаттама бере отырып, Ә. Исекешев мемлекеттік орындардағы сатып алуда қазақстандық қамтудың тауар түріндегі үлесі 52%, ал «Самұрық-Қазына» ХБҚ» АҚ - 63% құрағанын атап айтты.

Жиын шеңберінде қазақстандық қамту мен электронды сатып алу саласындағы заңдылықтар мәселелері бойынша семинарлар да өткізілді. Дәл осы күні «Көрме» залында да екі күндік отандық кәсіпорындардың «Қазақстандық қамту-2010» көрмесі өтті.

КПО компаниясына қазақстандық өнімдерді дамыту мен өрістету жөніндегі республикалық жиын шеңберіндегі «Қазақстандық қамту - 2010» көрмесіне белсене қатысқаны үшін Премьер-министрдің орынбасары, ҚР Индустрия және жаңа технологиялар Министрі Ә.Исекешев алғыс айтты.

Ақсайда КПО-ның мердігерлік компанияларының конференциясы өтті

Бірнеше жылдан бері КПО-ның сапа мен басқару жүйесін бақылау бөлімінің менеджері Салтанат Жасимованың бастамасымен КПО өзінің мердігерлері болып табылатын жергілікті және шетелдік компаниялар үшін Жо-

ұйымдастырылады. Жұмыс пен көрсетілген қызметтің сапасы ылғи да компанияның менеджмент жүйесі бойынша анықталады».

Конференцияға КПО-ның мердігерлік компанияларының

соның ішінде КПО-мен жасалған келісім-шарттар бойынша қабылданған міндеттемелерді жүзеге асыру барысындағы маңыздылығын атап өтті.

КПО-ның сапа мен басқару жүйесін бақылау бөлімінің менеджері Салтанат Жасимова мердігерлік компаниялардағы сапа менеджменті жүйесін талдау атты баяндама жасады. Және де осы бөлімнің аудиторы Елена Пятченконың баяндамасы ұсынылды.

Мердігерлік компаниялардың директорлары да баяндама жасады: «НИПИмұнайгаз АҚ (Ақтау қ.) компаниясындағы сапа менеджменті жүйесін ұйымдастыру мен тексеру тәртібі» бойынша НИПИмұнайгаз сапа департаменті директоры Анастасия Кондратьева, «Тесніпсо» компаниясының сапаны бақылау инспекторы Г. Душимова және «субмердігерлерді бағалау» тақырыбында «Тесніпсо» заңгері А. Кереева (Ақсай-Алматы-Милан), «Материалдарды басқару. Құрылыс-монтаждау жұмыстарын орындау кезіндегі техникалық құжаттар мен жазбаларға басшылық жасау» деген атпен сапа тобының жетекшісі А. Дорохин (Орынбор қ.)

Мұндай конференциялардың өткізілуін батысқазақстандық компанияларға КПО-ның де-

меушілік көмегі деп қарауға болады. Өйткені мердігерлік компаниялар осы конференцияда қаралған мәселелер бойынша әртүрлі кеңесшілерді шақыруға қомақты қаржы жұмсайды. КПО мен мердігерлік компаниялар ұсынған жан-жақты материалдар тыңдаушыларға көп жылдар бойғы қажырлы еңбектен жинақталған білім мен тәжірибе алмасуға мүмкіндік берді.

Негізінен мына мәселелер қамтылды: компаниядағы жүйелер мен процесстерді идентификациялау, олардың классификациясы, процесстер тиімділігінің критерийлерін анықтау, жағдайдың тұрақты мониторингін және компанияның топ менеджменті тарапынан

анализ жасау, басқару шешімін қабылдау, нәтижені үнемі қатерде ұстап өзгерістер енгізіп отыру. Барлық тақырыптардың негізгі идеясы - компанияның СМЖ үнемі, мұқият жетілдіре отырып қана КПО-мен келісім-шарт бойынша істелетін жұмыстар мен көрсетілетін қызметтің сапасын арттыруға мүмкіндік беретініне сайды. Ұйымдар басқару жүйесіне осылай қарамайына сенімге негізделген КПО-ның Жобаларымен жұмыс кезінде іскерлік қарым-қатынас орнату мүмкін емес.

Жалпы алғанда конференция КПО өкілдері үшін де, мердігерлер үшін де қызықты, ері пайдалы болды.



баны орындау барысында сапаны басқару жүйесі деген атпен конференция өткізіп келеді. Осы жолы конференция 2 сәуірде 50-ден астам жергілікті және шетелдік компаниялар өкілдерінің қатысуымен өтті.

Салтанат Жасимованың айтуынша: «Конференция мердігерлік ұйымдарға КПО-ның Жобалары бойынша келісім-шарттарды орындау кезінде сапа менеджменті жүйесін жақсартуға көмек мақсатында

бірінші басшылары ғана емес, конференция бағдарламасында ұсынылған тақырыптар бойынша Сапа Менеджменті Жүйесіне енгізумен тікелей айналысатындар да шақырылған болатын.

Конференцияның жұмысын ашу құқығы КПО-ның өндіріс жөніндегі директоры Грэхам Скоттонға берілді. Ол өз сөзінде өткізіліп отырған конференцияның маңыздылығын және Сапа Менеджменті Жүйесін жақсартудың маңыздылығы,



Жылдың ең үздік экологиялық ұсынымы байқауы жарияланды



КПО-ның қоршаған ортаны қорғау корпоративті бөлімі 5 маусым - Бүкіләлемдік қоршаған ортаны қорғау күніне орай «Жылдың ең үздік экологиялық ұсынымы» атты байқау жариялады.

Бұл байқаудың негізгі мақсаты - қоршаған ортаның жағдайын жақсарту бойынша тамаша ұсыныстар енгізу мүмкіндігі арқылы компания қызметкерлерінің қоршаған ортаны қорғау мәселелеріне көңілін аударту.

Компания қызметкерлерімен кері байланыс орнату ЕБ, ТҚ және ҚОҚ басқару жүйесінің

тиімділігін жақсартуға және қоршаған ортаны қорғау біздің әрқайсысымыздың да ісіміз екенін түсінуге мүмкіндік береді.

«Жылдың ең үздік экологиялық ұсынымы» байқауына қатысуға толтырылған тапсырыс электрондық пошта бойынша 25 мамырға дейін жіберілуі тиіс.

Жұмыстарды тәуелсіз тәралқа мүшелері қарайды. Байқау қорытындысын шығаруда мыналар ескеріледі: идеялардың жаңашылдығы және ерекшелігі; оның өміршеңдігі және перспективалығы; толықтай баяндау (барынша толық баяндалғаны жақсы), сол сияқты

осы экологиялық ұсыныстарды КПО компаниясына енгізу мүмкіндігі қарастырылатын болады.

Үш үздік жұмыс бағалы сыйлықтармен марапатталатын болады. Байқаудың қорытындысы 5 маусымда жарияланады. Байқауға қатысуға КПО-ның барлық қызметкерлері шақырылады. Ұсыныстары үздік деп табылған барлық қатысушылар бағалы сыйлықтармен марапатталып, аттары «Новости Карачаганака» газетінде жарияланып, сол сияқты компанияның интернет-сайтына шығатын болады.

Жаңа заманға сай

Қарашығанақ мұнайгазконденсатты кен орны тек қана Қазақстанда емес, бүкіл әлемге белгілі. Кен орнында тасылатын шикізаттың сапасын растайтын аналитикалық база үнемі жетілдіріп отырады.

Өндіру бөліміне қарайтын химиялық лаборатория үш нысанға бөлініп орналасқан: КПК, УКПГ-2 және НСБЧ. Оның әрқайсысы жүзеге асыратын

үлкен бөлігін атқарушы және Қарашығанақ кен орнындағы басқа да қажеттіліктерді қанағаттандырушы негізгі нысан болып табылады. КПО-ның химиялық лабораториясы өндірілген шикізат сапасын қадағалауға күн сайын қатысып отырады (ара-арасында және экспортқа жіберілетін дайын өнімдер мен Қарашығанақ кен орынын тиімді және қауіпсіз

рістік қондырғылардың қажетті технологиялық тәртіптегі жұмысын қадағалап отыруға көмек береді.

Химиялық лаборатория географиялық жағынан бөлініп орналасудан басқа ұйым құрылымы ішінде өзара міндеттерді бөліскен, содан барып, екі негізгі бағыт пайда болған:

- күн сайын аналитикалық қолдаумен қамтамасыз ететін оперативті бақылау секторы, оның құрамында көмірсутекті флюидтер, пласты және өндірістік сулар бойынша анализ топтары бар.

- лабораториядағы қауіпсіз және талапқа сай еңбек шарттарымен қамтамасыз етуге, жаңа технологияларды жасау мен оны өндіріске енгізумен айналысатын өлшеу құралдарының нақтылығына, зерттеу жұмыстарын орындайтын сынақтарды таңдау және ақпараттар тасқынын басқаруға жауапты техникалық қолдау секторы.

Барлық лабораториялар мерзімді тексеріліп және қажетті жағдайда модернизацияланатын жаңа заманға сай құрал-жабдықтармен жабдықталған.

КПО-ның химиялық лабораториясына LIMS (Labware Ltd компаниясының) лабораториясының ақпараттар басқару жүйесі енгізілген, оның негізгі мақсаты лабораторияның ішкі, сыртқы барлық мәліметтері мен ақпараттар ағынын басқаруды жүзеге асырады. Басқару құралдары мен сәйкесті



жұмыстарға қысқаша былайша сипаттама беруге болады: НСБЧ лабораториясының алдында КТО-Самара тұрба желісіне бағытталған мұнай сапасын тексеру мен бақылау міндеті тұр, УКПГ-2 лабораториясының (УКПГ-2 ғимаратында орналасқан) негізгі міндеті кейбір ерекше техникалық талаптар бойынша шапшаң қызмет көрсету. КПК аумағындағы бас лаборатория жұмыстың негізгі

пайдалануға қажетті анализдерді орындайды. Сынақтың мына түрлеріне анализ жасалады: газ, конденсат, мұнай, отын, майлау материалдары, шайынды және өндірістік сулар, технологиялық процесте пайдаланылатын химиялық реагенттердің әртүрлері (ингибиторлар, еріткіштер, сквендерлер және т.б.). Көрсетілген қолдау және берілген анализдердің қорытындысы өнді-

қондырғылардың үлкен бөлігі жалпы желіге қосылған. Ал бұл мәліметтер алмасу мен дистанционды бақылауды жүзеге асырады. LIMS тест нәтижелерін арнайы құралдардан тікелей жинайды, қажетті есепті шығарады және сапасын тексеруді жүзеге асырады, соңғы нәтижені тапсырыс берушіге немесе КПО-ның мәліметтерді басқарудың басқа да бағдарламаларына береді. LIMS жүйесі сонымен бірге әрбір өлшеу құралын калибрлеу туралы мәліметтерді сақтайды, лабораторияның күнделікті қызметіне қажетті химиялық реактивтер мен құралдардың қосалқы бөлшектерінің есебін шығарып отырады.

Қазақстан Республикасының «Өлшем бірлігін қамтамасыз ету туралы» Заңы талаптарына сай ҚР өлшеу құралдарының реестріне тіркелген (немесе тіркеуге дайындал жатқан) және бекітілген кесте бойынша уақытында аттестациядан өткен КПО-ның химиялық

лабораториясының барлық өлшеу құралдары «Ұлттық экспортта және сертификация орталығы» АҚ Батыс Қазақстан филиалының қызметкерлері жүзеге асыратын тексеруге тапсырады.

Барлығының пікірлері бойынша (жоғарыдағы компаниялар, КПО басшылығы және басқа да ішкі компаниялар) химиялық лабораториялар техниканың соңғы жаңалықтарымен қамтамасыз етілген, онда жоғары кәсіби мамандар қызмет етеді. Олар осы жерде отырып-ақ әртүрлі анализдер мен зерттеулер жасап, сынақ үшін анализдерді шетелге (мысалға, Италияға, Англияға немесе АҚШ) жіберу қажеттігін азайтып отырады.

Бүгін КПО-ның химиялық лабораториясы КПО-ның техникалық нысандарына аналитикалық қолдау көрсету бойынша өздеріне жүктелген міндеттерді жаңа заманға сай абыроймен атқарып келеді деп сеніммен айтуға болады.

КПО компаниясы отбасы мүшелеріне дәрігерлік сақтандыру береді

КПО компаниясы жақын арада КПО қызметкерлерінің отбасы мүшелері (күйеуі/әйелі және 18 жасқа толмаған балаларын қосқанда) үшін дәрігерлік сақтандыру қызметін көрсетуді бастамақшы.

КПО-ның барлық қызметкерлері дәрігерлік сақтандыру карточкасы туыстық қатынасын дәлелдейтін құжаттар негізінде рәсімделетінін білулері қажет. Яғни неке туралы куәлік, баланың тууы туралы куәлігі, сол сияқты күйеуінің не әйелінің СТН нөмірін берулері қажет.

Аталған құжаттарды еңбекақы төлеу және жеңілдіктер қызметіне тапсыру қажет. КПО қызметкері осы тиісті құжаттарды тапсырмайынша сақтандыру қағазын ала алмайды.



КПО су тасқынынан зардап шеккендерге көмек көрсетеді

Қызыл Жарты Ай Қоғамының Алматы қалалық комитеті осы жылдың наурыз айында Алматы облысындағы бөгеттің бұзылуы салдарынан болған су тасқынынан зардап шеккен Қызылағаш селосының тұрғындарына қаржы жинау жөнінде бастама көтерді.

Бүгінгі таңда Қазақстан Республикасының Ұлттық Қызыл Жарты Ай Қоғамы апат аймағына қомақты материалдық көмек жіберді.

КПО компаниясы Қазақстан Республи-

касының Ұлттық Қызыл Жарты Ай Қоғамының су тасқынынан зардап шеккендерге қолдан келгенше көмек көрсету жөніндегі ұсынысын қолдайтынын білдірді. Осы мақсатта КПО-ның демеушілік комитеті зардап шеккендерге қомақты қаржы бөліп, Қызыл Жарты Ай Қоғамының Алматы қалалық комитетіне жіберді.

Қазақстан Президенті Нұрсұлтан Назарбаев Алматы облысындағы су тасқынының зардаптарын жою мен адамдарға қажетті

көмек көрсету жөнінде Үкіметтік комиссия құруға жарлық берді, сол сияқты еліміздің барлық аймақтарындағы әртүрлі деңгейдегі әкімдер мен су тасқынының алдын алу жөніндегі іс-шаралардың өткізілуін қадағалайтын мемлекеттік орындар басшыларына барлық су тоғандары мен бөгеттердің, басқа да гидрокұрылыстардың жағдайын мұқият тексеруді тапсырды.

Сонымен бірге Мемлекет басшысы су тасқынының кесірінен қаза болғандардың туған-туысқандарына көңіл айтты.

Қазіргі уақытта Қызылағашта қалпына келтіру жұмыстары жүргізілуде. Баспанасынан айырылғандардың көбісі осы жылдың жазында қалпына келтірілген үйлеріне қайта орала алады.

КПО веб-сайтының жаңа дизайны

КПО веб-сайтының жаңа дизайны оны жасаушылардың айтуынша сыртқы аудиторияның негізгі кілті және КПО компаниясының қызметі мен көрсеткіштері туралы жұртшылыққа негізгі ақпарат көзі болмақшы.

Веб-сайтты жасаушылардың негізгі міндеті компанияның бизнесті жүргізудің негізгі принциптерін, ішкі және сыртқы аудиториямен ашық диалог жүргізу мүмкіндігін көрсету болатын.

Сонымен бірге жаңа веб-сайттың дизайны мен мазмұны КПО-ның корпоративті принциптері - шыншылдық пен ашықтыққа сай жасалған.

Жаңа сайт үш тілде жасалған: қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде. Жаңа сайттың беттерінен жобаның экспорттық маршруттарымен және Қарашығанақта қолданып жатқан технологиялармен танысуға болады, сол сияқты өндіріс, техника қауіпсіздігі, денсаулықты және қоршаған ортаны қорғау, әлеуметтік жобалар, демеушіліккемек, ұлттық кадрларды дайындау, тұрақты даму және т.б. да тақырыптар бойынша қажетті ақпараттар алуға болады. Бұдан басқа КПО-ның сайтында компанияның қызметі мен БҚО жобалары туралы ең соңғы ақпараттар мен компанияның қызметкерлерін оқыту мен дамыту бағдарламалары туралы толықтай ақпараттар орналасты.

Мұнда қалауыңыз бойынша әртүрлі тақырыптарға корпоративті видеофильмдерді, фотосуреттерді табуыңызға болады және ай сайын үш тілде шығатын КПО-ның «Новости Карачаганака» газетінің электронды нұсқасымен таныса аласыз.